

# КІТАПХАНА ҮЙ-ЖАЙЫНЫҢ ДИЗАЙНЫ - ЖОБАСЫ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

## I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 1.1 Осы Ереже кітапхана үй-жайының дизайны - жобасы байқауының мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібі мен ұйымдастыруын реттейді.
- 1.2 «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ, «Qasym баспа үйі» ЖШС және Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті байқаудың ұйымдастырушылары болып табылады.
- 1.3 «Qasym баспа үйі» ЖШС жүлде қорын анықтайды және бөледі.
- 1.4 Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының тұрғын емес үй-жайының дизайны - жобасын әзірлеу байқаудың нысаны болып табылады.

## II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Байқаудың мақсаты:

- кітапхананың әлеуметтік-мәдени мекеме ретіндегі оң имиджін қалыптастыру;
- дарынды жас дизайнерлерді анықтау;

2.2 Байқаудың міндеттері:

- кітапханаларда отбасылық оқу және бос уақытты өткізу орталықтары ретіндегі бәсекелестік ортаны қалыптастыруға қоғамның назарын аудару;
- кітапхананың тартымды бейнесін жасау арқылы кітап пен оқуды кеңінен танымал ету;
- жүзеге асыру үшін үздік жұмыстарды анықтау;
- жеңімпаздың жобасын жүзеге асыру.

## III. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1 Байқауға шығармашылық және кәсіптік оқу орындарының сәулет, дизайн және сабақтас салаларының студенттері, сонымен қатар ниет білдіргендердің барлығы қатыса алады.

3.2 Қатысушылар үшін жасы жағынан шектеулер көзделмеген.

3.3. Байқауға жеке жобалар да, ұжымдық жобалар да қатыса алады. Бір қатысушыдан немесе ұжымнан байқауға қатысуға ұсынылатын жобалардың саны шектелмейді.

3.4 Қатысушы Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының тұрғын емес үй-жайының дизайн жобасының әзірлемесі - тұжырымдамалық жобаны ұсынуы тиіс.

3.5 Дизайн жобасын жасау үшін байқау ұйымдастырушыларының орналасқан орнымен және олардың тілектерімен танысу қажет.

3.6. Байқау бір кезеңде өткізіледі. Қатысушы өтінімді (*1-қосымшаны қарау*) толтырып, жоба файлдарын (*фотосуреттер, графика және 3D визуалды көрінісі, бейне*) электронды нұсқасын odb\_abai@mail.ru электронды поштасына конкурс\_дизайн белгісімен жолдауы қажет.

#### **Жүктелген жұмыстарға қойылатын техникалық талаптар:**

- Жобаның атауы;
- Визуалды көрінісінің жеке файлдары (JPEG форматы, RGB түс кеңістігі, максималды сапада және кескіні анық болуы; бұлыңғыр, шұбалаңқы, жақтаушалары, логотиптері, су белгілері болмауы керек және т.б.).
- Жобаның сипаттамасы (1000 таңбадан аспайтын).
- «youtube» желісіне жүктеп салынған бейнеге сілтеме (қажет болса).

#### **Байқау өткізу кезеңдері**

1. Байқау жұмыстарын қабылдаудың басталуы (08.04.2022 ж.)
2. Байқау жұмыстарын қабылдауды аяқтау және номинанттардың long-list'-ін қалыптастыру – 23 мамыр 2022 жыл.
3. Байқау номинанттарының short- list'-ін қалыптастыру (25 мамыр 2022 ж.)
4. Байқаудың қазылар алқасының дауыс беруі және жеңімпаздарды анықтау (03 маусым 2022 ж.)
5. Байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі (6 маусым 2022 ж.)

### **IV. ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

1.1 Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасында 2022 жылғы 6 маусымда қорытындысы шығарылып, марапаттау рәсімі өткізіледі.

1.2 Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады және ақшалай сыйақы беріледі.

I орын – 100 000 теңге

II орын – 50 000 теңге

III орын – 30 000 теңге

1.3 Байқау қорытындысы туралы ақпарат Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының [www.odb-abai.kz](http://www.odb-abai.kz) сайтында орналастырылады.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ақпаратты 8 (7212) 41-23-25, ұялы 8701-189-37-59 (Сәуле Жаманбаевна) телефондары арқылы алуға болады.

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының тұрғын емес үй-жайларының үздік дизайн жобасы байқауы жас дизайнерлердің мансабын дамытуға қуатты серпін береді: жеңімпаздар бағалы жүлделер мен сыйлықтар алады, жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы 70 жыл бойы Қазақстан Республикасының ең ірі балалар кітапханаларының бірі және Қарағанды облысындағы балалар кітапханаларының әдістемелік орталығы болып табылады.

Дизайнерлер байқаудың арқасында көшбасшылық, оқу, озықтық және жетістік бойынша баланың зияткерлік дамуының және отбасылық бос уақытының негізгі буынына айналатын орын - балалар кітапханасы туралы өз көзқарастарын ұсыну мүмкіндігіне ие болады. Жеңімпаздың жобаны жүзеге асыруы кітапхананы шығармашылық пен дамудың заманауи хабына жаңартуға мүмкіндік береді, кітапхана білім үстемдігінің көрсеткішіне айналады, сонымен қатар оны қарағандылықтар мен қала қонақтарының кездесуі мен бос уақытын өткізу орнына айналдырады.

Абай атындағы кітапхана – дәстүрлі сәулет өнерінің статус-квосына қарсы тұруға және жаңа идеялар мен шешімдерді зерттеуге мүмкіндік беретін мәдени және білім беру кеңістігі. Кітапхана 1954 жылы салынған және Қарағанды қаласының тарихи орталығында орналасқан тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан.

Заманауи даму мен әрекет ету кеңістігі, бүкіл отбасының бос уақытын өткізетін орталығы – заманауи балалар кітапханасын жасауда 800 шаршы метрлік кеңістігі, көлік айырығының ыңғайлылығы, сәулеттік келбеті, панорамалық терезелері батыл жобаларды жүзеге асырудың негізгі құралдары болып табылады. Бұл кітапханада сіз тек оқу үшін кітап алып қана қоймай, сонымен қатар кино көре аласыз, квестке немесе зияткерлік ойынға қатыса аласыз, шығармашылық шеберлік сыныптарына барып, қызықты тәжірибелердің өткізілуіне қатыса аласыз, бағдарламалау мен робототехниканы үйреніп, жұлдыздарды бақылай аласыз және т.б.

Кітапхана үй-жайының дизайны - жобасы байқауына қатысу  
ӨТІНІМІ

Жоба авторының (авторларының) аты- жөндері толығымен	
Қатысушының жұмыс (оқу) орны	
Жобаның сипаттамасы (1000 белгіден аспайтын)	
«youtube» желісіне жүктеп салынған бейнеге сілтеме (қажет болса)	
Байланыс құралдары (э/пошта, телефон)	
Ескерту	